«6D051800 – Жобаларды басқару» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D.) дәрежесін ізденуші Орынбасар Қапарұлы Джолдасбаевтың «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қызметінде жобалық-бағдарланған басқару жүйесін енгізу» тақырыбындағы докторлық диссертациясына берілген отандық ғылыми жектекшінің

ПІКІРІ

Орынбасар Қапарұлы Джолдасбаев әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Экономика және бизнес жоғары мектебі «6D051800 – Жобаларды басқару» мамандығының PhD докторантурасына 2018 жылы оқуға түсті. Докторантурада оқу кезінде ол өзін еңбекқор және шығармашылық ойлауға қабілетті маман ретінде көрсете білді.

Орынбасар Қапарұлының ғылыми-зерттеу және педагогикалық тәжірибесі бар. Зерттеу тақырыбын өзінің жұмыс орнымен байланыстырып, яғни Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясында мемлекеттік органдармен тығыз жұмыс атқарып, жұмысын жазудағы көптеген мәліметтерді жинақтаған.

Орынбасар Джолдасбаев докторантурада оқып жүрген кезінде диссертация тақырыбы бойынша 9 мақаласын жариялады (3 мақаласы Scopus деректер базасында индекстелетін журналда, 3 мақаласы ҚР ҒЖБМ БҒССҚК ұсынылған журналдарда, 3 мақаласы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда). Өзінің шетелдік ғылыми кеңесшісімен М.Кишкиш (Миколо Ромеру университеті, Вильнюс қ. Литва Республикасы) тығыз жұмыс жасап, Еуропалық Одақтағы мемлекеттік органдар қызметінде жобалық-бағдарланған басқару жүйесін енгізу бойынша теориялық-әдістемелік талдау жүргізді. Сонымен қатар, ғылыми зерттеу әдістерін терең меңгеру мақсатында қосымша арнайы курстарды оқыды, нәтижесінде алған білімдерін диссертация жазу барысында қолдана алды.

Зерттеушілік жұмыспен қатар, Орынбасар Қапарұлы Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының оқу бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру кабинетінде қызмет атқаруда. Ұжымында да белсенді, коммуникативті, жауапты және тәртіпті тұлға. Орынбасар Қапарұлы Джолдасбаевтың диссертациядағы зерттеулері Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қызметінде жобалық-бағдарланған басқару жүйесін енгізуге бағытталған.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қызметіне ЖББ-ды енгізу жобасындағы ұлттық ерекшеліктерді ескеру қажеттілігінен туындайды. Осыған байланысты диссертация тақырыбы мемлекеттік басқару үшін өзекті болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары үшін жобалық-бағдарланған басқару тұжырымдамасын әзірлеу және оны енгізу моделін негіздеу болып табылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында басқарудың жобалық-бағдарланған жүйесінің құрылымын және оны енгізу тұжырымдамасын әзірлеу. Зерттеуде қамтылған теориялық және әдіснамалық әзірлемелер ҚР-ның мемлекеттік басқаруында жобалық-бағдарланған тәсілді енгізу және пайдалану мәселелерін одан әрі пысықтау үшін қолданылуы мүмкін. Атап айтқанда, мемлекеттік органдарда процестік және жобалық басқаруды ұтымды үйлестірудің авторлық моделі мемлекеттік органдар қызметіндегі жобалардың тәуекелдерін басқару модельдерін одан әрі әзірлеу үшін негіз ретінде алынуы мүмкін.

Диссертациялық зерттеу нәтижелері (тиімді ЖББ енгізу тұжырымдамасы, ЖББ енгізу жобасының кезеңдерінің мазмұны) олардың қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында ҚР мемлекеттік органдарына енгізуге ұсынылады. Диссертацияның тәжірибелік тұжырымдары мен ұсыныстарын ҚР-ның мемлекеттік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларын қалыптастыру барысында пайдалана алады. Диссертацияның нәтижелері инновациялық экономикаға көшу бағдарламаларына, мемлекеттік инновациялық саясат стратегиясына; мемлекеттік және аймақтық деңгейлерде инновациялық қызметтің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру процестеріне; ҚР мемлекеттік органдарының инновациялық дамуының кешенді бағдарламаларын әзірлеу кезінде енгізілуі мүмкін.

Диссертациялық зерттеуде ұсынылған тұжырымдар мен әзірленген ұсыныстар жобалық тәсіл негізінде: ҚР дамуының инновациялық саясатын жетілдіруге; инновациялық қызметтің тиімділігін арттыруға; инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың жүйелілігі мен нәтижелілігін арттыруға; инновациялық инфрақұрылымның дамуын ынталандыруға; мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің инновациялық белсенділігінің деңгейін көтеруге мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдарында ЖББ тиімділігі факторларының бейіні әзірленді. Бұл бейінді мемлекеттік органдардағы ЖББ тиімділігін арттыру мақсатында корпоративті мәдениетіндегі және басқарудың ішкі ұйымындағы өзгерістердің векторларын анықтау үшін пайдалануға болады.

Орынбасар Қапарұлының диссертациялық зерттеуі – ішінара бірлігі бар ғылыми жұмыс. Зерттеу нәтижелері қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді. Жұмыс докторлық диссертацияларды дайындау талаптарына сәйкес жазылған. Зерттеу барысында алынған нәтижелер сенімді, әрі негізделген. Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен дәлелділігі қолданыстағы

экономикалық тұжырымдамаларды сыни тұрғыдан түсіну, ресми статистикалық мәліметтерді пайдалану, сандық және сапалық талдау әдістерін дұрыс пайдалану арқылы анықталады. Нәтижелер графикалық және кестелік түрде ұсынылған, бұл олардың визуалды қабылдауын айтарлықтай жеңілдетеді. Докторлық диссертация дербес, толығымен аяқталған ғылыми-зерттеу жұмысын білдіреді.

Зерттеудің өзектілігі, жаңалығы мен негізділігі, теориялық және тәжірибелік маңыздылығы «6D051800 – Жобаларды басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуші Орынбасар Қапаруұлы Джолдасбаевтың «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қызметінде жобалық-бағдарланған басқару жүйесін енгізу» тақырыбындағы докторлық диссертациясы көпшілік алдында қорғауға ұсынуға лайықты деп есептеймін.

Отандық ғылыми жетекші,
Ph.D., әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ экономика кафедрасының
аға оқытушысы **Д.Ж. Рахматуллаева**

әл-Фараби атындағы
дәрлеу және аттестаттау басқармасының басшы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттес
научных кадров КазНУ им. аль-Фара
«09» 10 2024

ҚҰЖАТТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БӨЛІМІ